

8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Жиренов Саян Аманжолұлының

ЖАЗБАША ШҚІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>М.Е. Таубалдиевтің «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған.</p> <p>1) ҚР Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы);</p> <p>2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған ҚР «Білім туралы заңы»;</p> <p>3) ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы);</p> <p>4) «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы).</p> <p>М.Е. Таубалдиевтің «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 8D02303 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы аясында орындалған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» секілді мамандандырылған ғылыми бағыттармен өзара сәйкеседі.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында</p>	

	<p>орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
<p>2. Ғылымға мәнғыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның мәнғыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Дайындалған диссертациялық жұмыс телевизиялық журналистика терминдерінің қолданыс аясын анықтауға, терминқорын дамытуға, терминжүйесін біріздендіруге, терминжасам жолдарын жүйелеуге, терминдер тезаурусын түзуге, терминдер семантикасын көрсетуге, терминографиясын жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда:</p> <p>1) Қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика терминдерінің қолданысы ерісі мен жасалу жолдары лингвотерминологиялық аспектіде алғаш рет нақты нысан ретінде алынып, диссертациялық зерттеу деңгейінде қарастырылған.</p> <p>2) Телевизиялық журналистика терминдерін лингвистикалық аспектіде зерттеу арқылы медиа кеңістіктегі телевизияның ғылыми өндірістік тілінің теориялық және практикалық сипаты көрсетілген. Қазақ тележурналистикасының жанрлары мен бағдарламаларындағы кәсіби сәла мамандарының тілдік қолданысындағы арнаулы лексиканың жиілік көрсеткіші мен өзге тілден енген терминдердің жіктемесіне тілдік талдаулар жасауы жұмыстың ғылыми жаңалығы деп танылады.</p> <p>3) Телевизиялық журналистика терминдерінің сөз таптарына қатысы мен дублет терминдердің ерекшеліктері көрсетіліп, ондағы терминдік бірліктердің семантикалық мазмұны ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылған.</p> <p>4) Зерттеу жұмысында телевизиялық журналистика терминдерінің басты ерекшелігі ретінде, медиалық, өндірістік техникалық, ақпараттық технологиялық, электрондық сипаттары көрсетіліп, оларға теориялық және практикалық талдаулар жасауы жұмыстың жаңашылдық сипатын көрсетеді.</p> <p>5) Зерттеудің ғылыми жаңалықтары тележурналистика, масс-медиа,</p>

		<p>терминология, ақпараттық ресурстар, медиалингвистика салаларындағы мәселелерді жан-жақты қамтуының нәтижесінде жүзеге асқан. Сондықтан диссертациялық жұмыс көп салалы, іргелі зерттеулерге негізделген терминологиялық салаларды жетілдіруге, соның ішінде телевизиялық журналистиканың термин жүйесін зерттеуге, тележурналистика саласындағы кәсіби мамандардың сөз қолданыстары мен олардың арнаулы лексикалық жүйесін анықтауға елеулі үлес қосады.</p> <p>Сонымен диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелері мен анықталған ғылыми қорытындылары тележурналистика терминдерін зерттеуде аса маньызды деп санаймыз. Осы ретте диссертанттың жұмысы зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптармен өзара сәйкес келеді және диссертациядағы ғылыми нәтижелер лингвистикалық тұрғыдан негізделген, практикалық тұрғыдан қажетті ғылыми әдістерді қолдану арқылы дәлелденген. Зерттеудің жетекші идеясы мен болжамы диссертацияда толық көрсетілген.</p>
<p>3. Өзі жазу жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, тақырыпты толық игерген, академиялық жазу мен ғылыми стилді меңгерген, логикалық ой қайшылығы жоқ, өзіндік сыни пікірі қалыптасқан, ғылыми тілі орныққан. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы тележурналистика терминдерінің қолданысын анықтауы, телевизиялық өндірістегі лексикалық бірліктердің жиілік статистикасын көрсетуі, өзге тілден енген терминдердің аудармасы, өзгеріссіз енген қолданыстағы терминдердің мағыналық мәні мен ерекшеліктерін сипаттауы, терминдердің аударма жолы арқылы жасалуына сараптама жасауы, «Гепминсом.кз» электрондық базасын ұтымды пайдалануы, телеөндіріс саласындағы мамандар арасында сауалнамалар жүргізіп, статистикалық талдаулар жасауы нақты тілдік деректер арқылы дәйектелген. Автор зерттеуге қажетті материалдарды ғылыми тұрғыдан сұрыптап, терминологиялық мәселелерді шешудегі тиімді әдіс-тәсілдері дұрыс тандай білген.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілік негіздемесі телевизиялық журналистика терминдерінің қолданыс аясында зерделеніп, отандық телеарналардың эфир көрсету әлеуетінің статистикасынан бастап, телеөндірістегі құрал жабдықтардың техникалық топтамасын бірнеше жікке бөліп көрсетуі, тележурналистика терминдерін бес түрлі (1. Тележурналистика саласындағы</p>

		<p>кызмет түрлері; 2. Телевизиялық журналистика құрал-жабдықтары; 3. Телевизия саласының кәсіби мамандары; 4. Тележурналистика саласының жанрлары мен жобалары; 5. Телевизиялық журналистика саласындағы ресми құжаттардың үлгілері) тақырыптық топтарға жіктеп талдаулар жасауы (28-30 бб.), казак телеөндірісіндегі арнаулы лексиканың семантикалық өрісі ғылыми теориялық және тілдік практикалық материалдар арқылы негізделген. Сонымен қатар телевизиялық журналистика терминдерін зерттеудің ерекшеліктері, телеөндірістегі салалық, жанрлық, бағдарламалық, техникалық топтарына қатысты мәселелерді шешудегі сауалнамалар жүргізуі, статистикалық көрсеткіштерге талдаулар жасауы, сапа мамандарының кәсіби тұрмыстық өміріндегі сөйленістердің стенограммалары алынып, кәсіби лексиканың динамикасына талдаулар жасау арқылы ғылыми тұрғыдан толықтай негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны тақырыптық атауымен өзара үндеседі және жұмыстың мазмұны мен зерттеудің тақырыбы біріні бірі толықтай айқындайды. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты тілдік материалдар үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда казак тележурналистикасының терминологиялық жүйесінің қалыптасуы, диахронды және синхронды сипаты, тілдік ерекшелігі, тележурналистика терминдерінің өндірістік тұрғыдан топтасырылуы мен жіктелімі, тележурналистика терминінің қолданыс өрісі мен статистикалық көрсеткіштері ғылыми теориялық тұрғыдан айқындалған. Жұмыстың екінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес түзілген. Екінші тарауда тележурналистика терминдерін біріздендіру үдерісі, тележурналистика терминдерінің жасалымы, тележурналистика терминдерінің енуі мен аударма жолдары арқылы толығы, тележурналистика терминдерінің терминдену процесі, морфологиялық, синтетикалық, аналитикалық жолдармен жасалған терминдердің семантикасы секілді мәселелер ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ диссертацияның үшінші тарауында тележурналистика терминдерін біріздендіруге қатысты QazUlet.mn.kz электронды сөздігін өндірістік тұрғыдан ұсынуы, аталған сөздіктің терминографиялық маңызы мен техникалық сипаттамасы көрсетілген. Сонымен қорытындылай келгенде, диссертация мазмұны</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>		

		<p>такырыптын атауын толук аша алады.</p> <p>Диссертациянын максаты мен міндеттері зерттеу жұмысынын такырыбына толығымен сәйкес келеді. Атап айтканда: диссертант телевизиялык журналистика терминдерінің жүйесін құрайтын казак тіліндегі 1000-ға жуык терминологиялык бірлікті іріктеп, оларға лингвистикалык талдаулар жасап, тележурналистика терминдерін арнайы зерттеу нысанына сәйкес дереккөз ретінде пайдаланган. Зерттеу максатына сәйкес тележурналистика терминдерінің зерттелуі мен әлеуметтік сипаты, телевизиялык өндірістің лингвотерминологиялык негізі карастырылган. Зерттеудің максаты мен міндеттеріне сәйкес телевизия саласындағы кәсіби мамандардың лексиконындағы 30 сөзден тұратын терминдік бірліктерге статистикалык талдаулар жасауы (54 б.), терминжасамдағы аударманың өнімді тәсіл екендігі, лексика-семантикалык тәсілдің негізінде телевизиялык терминдердің жасалуын 2 топка бөліп (1. Ұлттык тілде бар сөздерге терминдік мағына жүктеу; 2. Шетелдік сөздерді даяр калпында пайдалану) карастыруы (59 б.) жұмыстың максаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертанттың зерттеу максатына сәйкес жасалган әрбір міндеттері (9 б.) жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, тілдік талдауларынан айкын көрінеді. Диссертанттың алға койган міндеттері диссертацияда өз шешімін тапкан және максатына сәйкес орындалган.</p>
	<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация такырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялык жұмыстың барлык бөлімдері мен құрылымы логикалык байланысқан:</p> <p>1) толык байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок</p>
	<p>4.4. Диссертациянын барлык бөлімдері мен құрылысы логикалык байланысқан:</p> <p>1) толык байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок</p>	<p>Диссертациялык жұмыстың барлык бөлімдері мен құрылысы логикалык тұрғыдан өзара толык байланысқан. Диссертациялык жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылган әдебиеттер тізімінен, бірнеше қосымшалар (А, Ә, Б, В, Г) топтамасынан тұрады. Диссертанттың зерттеу жұмысында бөлімдер аралығындағы логикалык-мазмұндык байланыс сақталган, зерттеудің ой жүлгесі жүйелі түрде берілген. Сондай-ақ жалпы жасалган теориялык тұжырымдары, тараушалар бойынша жасаган қорытындылары, әрбір практикалык талдаулары да бөлімдер такырыбы мен өзара толык байланысқа құрылган.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынган жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып</p>	<p>Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидағтар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан сыни талданған, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылган. Автор ұсынган жаңа шешімдер:</p>

	<p>бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>1. Телевизиялық журналистика терминдерін ғылыми теориялық тұрғыдан зерттеу барысында «Дыбыс – Бейне – Сөз» триадасының аралығында қарастырған;</p> <p>2. Телевизиялық журналистика терминдерінің жасалымында аударманың өнімді тәсіл екендігі теориялық және практикалық талдаулар арқылы көрсетілген;</p> <p>3. Телевизиялық журналистика терминдері терминдену тәсілі арқылы жасалуын 3 топқа бөліп көрсетеді (1. Сөз мағынасының кенекі арқылы; 2. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминдену арқылы; 3. Сөз мағыналарының арнаулы мақсатта жұмсалуды арқылы. 59 б.);</p> <p>4. Терминдерді ұлттық тілдің ішкі мағыналық байлығының негізінде қайта жанғырту жолы арқылы телеөндірістегі «корзина» терминіне «күресін» сөзін балама ретінде ұсынуы сыни ойлаудың нәтижесі ретінде бағалауға болады (59-60 б.);</p> <p>5. Телевизиялық журналистика терминдерінің жасалымындағы сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануына байланысты «титан терминдер», «алтын терминдер» деп екіге бөліп қарастыруы жанашыл шешім деп санаймыз (73-74 б.);</p> <p>6. Аударма және аналитикалық тәсілмен жасалған жекелеген терминдерге жасаған лингвистикалық (морфологиялық, семантикалық) талдаулары ғылыми тұрғыдан негізделген (85 б.).</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен қағидағтардың жаналығы қазіргі терминология ғылымының салаларын теориялық және практикалық тұрғыдан толықтырады. Телевизиялық журналистика терминдерін біріздендіруге қатысты зерттеу жүргізуі отандық лингвистикада алғаш рет орындалып отырғандықтан, толығымен жана болып саналады. Осы ойымызды нақтылай түссек:</p> <p>1. Телевизиялық журналистика терминдерінің қалыптасуында жалпы қолданыстағы сөздерге терминдік мағына үстегенде метонимия әдісі арқылы жасалады деген тұжырымы жана (61-62 б.);</p> <p>2. Тележурналистика терминдері ұлттық тілдің лексикалық бірліктері арқылы жасалуындағы құрылымын дара және күрделі құрамды деп бөліп қарастыруымен оларға жасаған лингвистикалық талдаулары мен келтірілген мысалдары жана (62-63 б.);</p>

		<p>3. Телевизиялық журналистика терминдерінің синтетикалық тәсіл арқылы жасалымындағы морфологиялық құрылымын біржұрнақты және көпжұрнақты деген классификациясы мен дәлелдеулері жана;</p> <p>4. Тележурналистика саласының арнаулы лексикасын жасайтын қосымшаларды өнімді және өнімсіз сөзжасамдық жұрнақтар деп бөліп қарастыруы мен тілдік талдаулары жана;.</p> <p>5. Тележурналистика саласының терминдері топтастырылған «Qaztvetmip.kz» онлайн электрондық сөздігі мен ақпараттық ресурсы, электронды сөздіктердің түрлеріне қатысты теориялық тұжырымдары жана;</p> <p>6. Зерттеу нәтижелерін нақтылау мақсатындағы Алматы, Астана, Шымкент және басқа да өңірлер бойынша жүргізген сауалнамалары мен статистикалық көрсеткіштері, стенограммалық анықтаулары, сараптамалық талдаулары жана.</p> <p>Сонымен диссертанттың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары толығымен жана, манызды, терминология саласының салаларалық мәселелерін шешуге толығымен әлеуеті жетеді.</p> <p>Диссертант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және практикалық манызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары толығымен жана. Ондағы қорытындылардың жаналық деңгейі төмендегідей:</p> <p>Біріншіден, телевизиялық журналистика терминдерін біріздендіруге қатысты семантикалық жіктемелері мен топтастырулары, морфологиялық құрылымына қатысты бірнеше түрлерге бөлуі мен тілдік талдаулары жана;</p> <p>Екіншіден, телевизиялық журналистика терминдерінің жасалымына қатысты теориялық тұжырымдары мен лингвистикалық классификациялары жана;</p> <p>Үшіншіден, тележурналистика терминдерінің орыс тіліндегі тіркесті терминдердің казак тіліндегі баламаларына қатысты морфологиялық, аналитикалық талдауларының нәтижесінде жасаған 9 түрлі жасалымын анықтауы жана;</p> <p>Төртіншіден, тележурналистика терминдерінің «Qaztvetmip.kz» атты электрондық базасына топтастыруы, терминдерді автоматтандыру саласындағы жанашыл қадам деп бағалаймыз.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің мақсатына жету үшін қолданған техникалық,</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>		
<p>5.3 Техникалық, технологиялық,</p>		

	<p>экономикалык немесе баскаруу шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толгымын жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>технологиялык, экономикалык немесе баскаруу шешімдері толгымын жана және негізделген. Диссертант алғаш рет телевизиялык журналистика терминдерін біріздендіруге катысты лингвистикалык аспектідегі зерттеуі жана. Тележурналистика терминдерін біріздендіруге катысты тілдік материалдары техникалык және технологиялык тұрғыдан жабдыкталған, цифрлык технологияға негізделген тілдік бірліктер болғандыктан, оларды лингвистикалык аспектіде карастыру багытындағы зерттеулері жана. Диссертанттың тележурналистика терминдерін біріздендіруге негізделген лексикалык бірліктерді семантикалык талдаулары, терминжасамаға катысты жіктемелері, терминдердің грамматикалык катынаска түскендегі морфологиялык құрылымына катысты ғылыми теориялык талдаулары терминология ғылымының дамуына қосқан жаңалығы деп санауға болады. Ізденушінің тележурналистика терминдерін біріздендіру мақсатындағы зерттеу жұмысы сақаралық мәселелер аясында карастырылған, атап айтқанда телеиндустрия, журналистика, лингвистика салаларына катысты баскаруу шешімдері толгымын жана деп санаймыз.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялык жұмыста пайдаланылған барлық негізгі пайымдаулар, тұжырымдар, қорытындылар ғылыми әлеуетімен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындылары телевизиялык журналистика терминдерінің теориялык тұжырымдарын зерттеу багытына сай ғылыми әдебиеттердің талдануы негізінде жасалған. Сонымен қатар диссертанттың жасаған тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми интегративтік тұрғыдан дәлелдеуге тырысқан, яғни масс-медиа, журналистика, телеиндустрия, лингвистика, филологиялык ғылымдарды өзара үйлесімді ұштастыру арқылы, диссертацияның түпкі мақсатын анықтайтын қорытындыларын ауқымды тілдік дәлелдемелермен негізделген. Зерттеу нысанына алынған 1000-ға жуық терминдердің 26,2%-ы морфологиялык әдіспен, 22,6%-ы синтаксистік тәсілмен, 50,7%-ы кірме сөздердің есебінен пайда болатындығы нақты сауалнамалар, статистикалык зерттеулер арқылы негізделген. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Ізденуші теориялык материалдарды толыққанды талдаған, практикалык материалдарды дұрыс және мақсатқа сай пайдалана білген.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p>	<p>1. Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі зерттеушінің ғылыми теориялык және практикалык мәселелерді нақты дереккөздерден</p>

негізгі қағидағтар	<p>7.1 Қағидағт дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>алынған, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдалана білген;</p> <p>2. Диссертанттың қорғауға ұсынған қағидағты тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысы бірнеше ғылымдар тоғысындағы жанаша зерттеу бағыты негізінде тандаған.</p> <p>3. Телевизиялық журналистика терминдерін біріздендіруге қатысты лингвотерминологиялық зерттеу жүргізуінің нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, телеөндіріс саласындағы терминдердің лингвистикалық ерекшеліктерін көрсетудегі ізденістері жана.</p> <p>4. Телевизиялық журналистика терминдерін біріздендіруге бағытталған зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі телеиндустрия саласы қоғамның барлық саласын қамтитын, тұтастай әлеуметтік институттарға қатысы бар қоғамдық қатынастар мен тілдің үлкен бір құрамдас бөлігі саналады.</p> <p>5. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық басылымдарда 1 (бір) мақала, ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 (төрт) мақаласы, халықаралық ғылыми теориялық және практикалық конференцияларда 2 (екі) мақаласы жарияланып, диссертацияда көрініс тапқан.</p>
8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің негізделген немесе нақты жазылған</p> <p>таңдауы әдіснама</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың мазмұнында нақты сипатталған (27-41 бб., 42-88 бб.). Зерттеу жұмысының әдістемесі такырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған: синтездеу, индукция, дедукция, статистикалық әдіс, топтастыру, жүйелеу сияқты жалпы лингвистикалық әдістермен қатар, аудармадағы морфологиялық трансформация, лексикалық және морфологиялық қалықалау тәрізді жекелеген әдіс-тәсілдер, сауалнама әдісі, компоненттік талдау әдісі, құрылымдау әдістері, мәтінді терминологиялық талдау, терминнің мәтіндік талдауы секілді көптеген әдіс-тәсілдерді кеңінен ұтымды қолдана білген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: 23 сурет, 10 кестеден тұратын арнайы</p>
8.2	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: 23 сурет, 10 кестеден тұратын арнайы</p>	

	<p>қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>компьютерлік технологияларды қолдану арқылы суретті сызбалар мен кестелер жасалған. Диссертация бойынша орындалған жұмыстарының көрсеткіштері арнайы А, Ә, Б, В, Г нұсқалы қосымшаларда ұсынылған.</p>
	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен толық дәлелденген және расталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - телевизиялық журналистика терминдерін біріздендірудің кешенді жолдары қарастырылып, зерттеудің көптеген алғышарттары жасалып, телеиндустрия терминдерінің қалыптасу жолдары мен функционалдық ерекшеліктері көрсетілген; - тележурналистика терминдерін біріздендірудің масс-медиалық, мультимедальділік, прагматикалық, интегративтілік, интерпретациялық сипаттары көрсетілген; - тележурналистика терминдерін біріздендіруге қатысты сауалнамалар алынып, статистикалық талдаулар, электрондық онлайн сөздік арқылы терминдердің тезаурусы жасалған. - телеиндустрия терминдерін біріздендіруге бағытталған көпсалалы терминдер жүйесінің семантикалық қолданысы мен терминдік дефинициясы айқындалған.
	<p>8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста көптеген осы зерттеуге дейін аралықта жазылған элемент және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, дәлелді сілтемелер жасалған және де тележурналистика терминдеріне негізделген материалдарға сенімді сілтемелермен расталған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер саны жеткілікті (222). Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты тандалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, сілтемелері берілген.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызды бар:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар тіл біліміндегі терминология саласындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес</p>

	<p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>қосалды. Сондай-ақ салалық терминологияның теориялық негіздемелерін дамытуға ықпал етеді. Зерттеу жұмысындағы терминдік бірліктер отандық телеиндустрия саласының дамуына, ұлттық терминдер жүйесінің орнығуына негіз болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулары терминология, журналистика, медиалингвистика салаларының теориясына және тележурналистика терминдерінің семантикалық өрісін көрсетуде, салалық терминдердің дефинициясын анықтауда өзіндік үлес қосалды. Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: тележурналистика мен медиалингвистика пәндерін ұйымдастыруда, салалық терминдерді жүйелеуде, терминология, мәтін лингвистикасы, қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы секілді пәндерді оқытуда, курстық және дипломдық жұмыстар үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, масс-медиаға қатысты мамандар, телеиндустрия саласында кеңінен пайдалануға болады.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Нақтылай түссек: www.qaztvetmip.kz онлайн электрондық сөздігі отандық корпустық лингвистиканың терминқорын дамытуға, лингвистикалық платформалардың қалыптасуына, телевизиялық өндірістің ғылыми базасының қалыптасуына, салалық терминдердің тезаурусын әзірлеуде қажеттілігі туралы ұсыныстары толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысындағы академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу жұмысында академиялық жазу сапасының ерекшеліктері мен талаптары толық сақталған. Диссертациядағы теориялық тұжырымдар, алынған ғылыми нәтижелер ішкі тұтастығымен және өзара бірін бірі толықтыруымен сипатталады. Диссертациялық жұмыстың орындалуы мен жаңалығы шынайы. Негізделген ғылыми тұжырымдары ғылыми этикаға сай, қорытындының деңгейлері жоғары және практикалық мәні жоғары. Зерттеу жұмысындағы әрбір бөлім бойынша жасалған тұжырымдары дәлелді және келесі бөлімде логикалық тұрғыдан өз жалғасын тауып отырады. Академиялық жазу сапасының ерекшеліктері нақтылық, объективтілік, қисындылық сипаты толық жүйеленген. Сондай-ақ жаппы</p>

		Корытындылар мен практикалық ұсыныстары телевизиялық журналистика терминдерін біріздендіруге негізделген. Сонымен аталған жетістіктер дайындалған диссертацияның академиялық тұрғыдан жазылу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.
--	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.
Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы 8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

04.11.2024 ж.



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» қорғалған жағдайлардан басқа;
ҚАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ УТРАВЛЕНІЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
РУКОВОДИТЕЛІ
С.А. Жиренов